

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Ақтөбе қаласының «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» КММ-нің 2025 жылдың 7 наурыздағы №144 бұйрығы негізінде мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, өзін-өзі бағалау жұмысы келесі құрамда бекітілген комиссиямен өткізілді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1. Абен Талгат мектеп-лицей директоры, комиссия төрағасы;
2. Аймағамбетова Шынар Жолдыбаевна мектеп-лицей директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
3. Бисенова Гульжанат Нығметовна мектеп-лицей директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;
4. Омарова Айгул Жарболқызы мектеп-лицей директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, химия пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
5. Габбасова Айнур Улжабаевна мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
6. Исмағамбетова Анаргүль Умирбековна мектеп-лицей директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
7. Қосназарова Тумар мектеп-лицей директорының шаруашылық жөніндегі меңгерушісі, комиссия мүшесі;
8. Бармашева Шара Шарапиевна математика, информатика және физика пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
9. Есубаева Гульмира Уринбасаровна бастауыш әдістемелік бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі-хатшы;

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру қызметінің сапасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін талдады.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп, сарапталды:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

1. Білім беру ұйымына жалпы сипаттама

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғын алабы, Жастар ықшам ауданы 3, жер телімі 13А, пошта индексі 030017

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8 (7132) 46-11-77;

Электронды почта: satbaev.licei@mail.ru; Мектеп сайты: <https://satbaev-licei.edu.kz/>;

Мектептің инстаграм парақшасы: [aktobe_satbaev_oml](#)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер) Абен Талгат, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 03 наурыздағы №68 бұйрығымен мектеп- лицей директоры болып тағайындалған. Ұялы телефоны: 87022416028

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2022 жылғы 25 тамызда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 22.10.2012 жыл. БСН-970440000659. Құрылтайшысы: Ақтөбе облысының әкімдігі. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігінің 25.08.2022 жылғы №207 қаулысымен бекітілген.

Мектептің техникалық паспорты 2015 жылы 13 қарашада жасалған. Қабат саны- 3, құрылыс ауданы-2784,3 м², ғимараттың ауқымы –36319 м², жалпы алаң – 8989,5 м², салынған жылы - 2014 жыл

Рұқсат етуші құжаттар

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия 2022 жылы 25 тамызда берілген №KZ30LAA00032544 (Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру). Алғашқы берілген уақыты 22.10.2012 жыл

12. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ӨЛШЕМШАРТТАР:

12.1. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;

2024-2025 оқу жұмыс жоспары тексеріліп, бекітілген.

2024-2025 оқу жылында Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен ҚР Оқу-ағарту министрінің № 323 26.10.2023 ж және №27 08.02.2024ж бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары әзірленді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

2024-2025 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама);

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы);

2024-2025 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған, сабақ кестесі электронды «Bilimclass» журналын пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді.

12.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі - ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру өлшемшартына сәйкестігі «BilimClass» электронды журнал арқылы зерделенді. Пәндердің базалық білім мазмұны бағалау кезеңінде игерілген.

12.3 білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылды:

«Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылды. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылды.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыру көзделді.

«Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысы ұйымдастырылды.

Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылды.

«Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлері тартылды.

«Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы

кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылды.

«Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Білім беру ұйымы деңгейінде:

білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы құндылыққа бағдарланған тәрбиені жоспарлаудың тұтас тәсілі енгізілді.;

сынып / кураторлық сағаттарды оқу-тәрбие процесінің толыққанды және ажырамас құрамдас бөлігі ретінде анықталды;

отбасымен ынтымақтастық нығайтылды;

күтілетін нәтижелерге сәйкес тәрбие жұмысына мектепшілік бақылауды жүйелі түрде жүргізілді.

Отбасымен ынтымақтастық деңгейінде ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау); білім алушының даму динамикасын қадағалау және сапалы кері байланыс беру үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналыстарын (білім алушылармен бірлесіп жеке және топтық консультациялар, педагогикалық консилиумдар, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ бөлмелері) өткізілді; Білім басқармасының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуына облыстық білім басқармасынан және қалалық білім беру ұйымынан тоқсан сайын мониторинг жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасына 3-қазақ, орыс сыныптарының жекелеген пәндері бойынша оқулықтар, 5-9 қазақ, орыс жыныптарына “Жаһанды құзыреттер”, қолданыстағы қайта басылып шыққан 7,8,9-қазақ, орыс сыныптарының оқулықтарынан пән мұғалімдері мен оқушыларға таныстыру мақсатында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2024 жылдың 9 қыркүйек күні оқушылардың кітап құрылымы жайлы білімін қалыптастыру, кітапхана бөлімдерімен таныстыру, кітапқа, оқуға деген қызығушылығын ояту, кітапты сүюге баулу, кітапты күтіп ұстау ережелерін білу, кітап оқуға деген ынтасын арттыру 1 -класс оқушылары мектеп кітапханасына саяхат жасап, кітапхана ережелерімен, жаңадан келген көркем әдебиеттермен, кітап қорымен танысты.

2024жылдың 9 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында және Отбасы күніне орай 3-11 сынып білім алушылары диктант жазды. 2024жылдың 10 қыркүйек күні 1-11 сынып алушылар арасында адалдық сағаты өткізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық дәстүрді және ұлттық ойын асық ойынын дәріптеу мақсатында «1 оқушы-1 асық» мектепке асық сыйлау науқаны өтті.

2024 жылдың 11 қыркүйек күні «5-қыркүйек – Қазақстан халқы тілдер күні» мерекесіне байланысты оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру мақсатында қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі бірлестіктері бірлесіп тілдер күніне 1-11 класс арасында орай апталық өткізілді. 5 «А» -класс оқушылармен мектеп кітапханасында «Ұшқыр ой мен шешен тіл» интеллектуалды ойын өткізіліп, «Тіл – бабалар мұрасы» кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалынды.

Мектеп-лицейімізде Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырылған 5- 6 кластар арасында “Мысал-өмір шындығы” Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарынан көркемсөз оқу байқауы өтті. Оқушылар ақынның мысал өлеңдерін мәнерлеп оқып, өз шеберліктерін көрсетті.

2024 жылдың 13 қыркүйек күні оқушылардың білімдерін жетілдіріп, тың әдістермен ағылшын тілін тереңірек меңгерту 8-сынып оқушыларының қатысуымен “Best of the best” интеллектуалдық ойыны өткізілді. Сыныптан тыс іс-шараға оқушылар белсене қатысты, интеллектуалды ойын тартысты өтті. 9-11 класс оқушылары арасында білім алушыларды көп тілді меңгеруге баулу, ана тілімен қатар өзге тілге де құрметпен қарауға үйрету мақсатында “Тіл мәртебесі - ел мәртебесі” тақырыбында үш тілде эссе жазу байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде:10”Б”класс оқушысы Нұрсұлтан Ұлпан I орын, 11”Ә”класс оқушысы Мәңгібаева Зейнеп II орын,11”А”класс оқушылары Темірбек Аяулым, Байғара Альбина III орын иеленді. Оқушылардың өз ана тіліне деген құрметін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. “Тіл - халық жанын танудың кілті” тақырыбында 9«А», «Ә», 9«В», 9«Г», 9«Д» класс оқушылары арасында сайыс өткізілді. Сайысқа қатысып, белсенділік танытқан жүлдегерлер анықталды.

2024 жылдың 19 қыркүйек күні Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Ақтөбе облысындағы білім саласы қызметкерлерімен мәжіліс өткізді. ҚР оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев пен Тамара Дүйсенова ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау қоры кабинетімен танысып, ата-ана және мұғалімдермен тілдесті. 2024 жылдың 25 қыркүйек күні қала мектептерінің жоғары 10-11 класс оқушылары арасында әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша командалық есепте мектебіміздің оқушылары І орынды иеленді.

2024 жылдың 24 қыркүйек күні балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру мақсатында «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында педагогикалық ұжыммен жиналыс өткізілді.

2024 жылдың қазан айының 1 күні жасөспірімдердің өмірге позитивті көз қарасын қалыптастыру, өмірге құштарлықтарын дамыту және оптимисттік мінез құлыққа тәрбиелеу мақсатында мектеп психологтары 10 сынып оқушыларына “Адам өз өмірінің суретшісі” атты тренинг өткізді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Ұстаздар күні» мерекесіне орай өскелең ұрпақтың ұстаздарға деген құрметі мен сүйіспеншігін арттыру мақсатында Республикалық «Даналық ұстаздан» челленджін ұйымдастыру мақсатында оқушылар барша ұстаздарға арнап “Ұстазым” әнін орындады.

5 қазан -Ұстаздар күніне орай мектеп-лицейіміздің “Мейірім” еріктілер клубы ардагер ұстаз Құльжанова Санип апайдың үйіне барып, ардагер ұстазды өткен мерекесімен құттықтап, қол көмектерін тигізді. 2024 жылдың 9 қыркүйек күні деструктивті діни идеологиясының балалар арасында тараудың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында мектеп-лицей оқушыларына дін мәселесі және қоғаммен байланыс жөнінде “Аңсар” ақпараттық талдау орталығының теолог маманы Сапар Саматовпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға видеоролик көрсетіліп, өз пікірлерімен сұрақ алмасты. 2024 жылдың 11 қазан күні Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, үзілістегі уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында “Көңілді үзіліс, үзілісте кітап оқу” бойынша 20 минутта оқушыларға жұмбақтар шешкізілді.

“Экоәлем” үйірмесінің білім алушыларына Алға ауданында орналасқан Есет батыр Көкіұлының кесенесіне экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия барысында әулие бабамыздың өмірбаяны, тарихы, ерліктері туралы мағлұматтар берілді, батыр рухына тағзым етіп, музей мұрағаттарын тамашалады. Оқушыларымызды Отаншылдыққа тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғай-тын және осы мақсат жолын да бар күш-жігері мен ақыл-пара-са-тын аямайтын жас ұландар тәрбие-леу, батыр бабаларымызды насихаттау мақсатындағы ұйымдастырылған бұндай шаралар өз жалғасын табады.

2024 жылдың 16 қазан күні Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі ММ “Ақтөбе қаласының Отбасын қолдау орталығы” КММ мен Койлыбаева Светлана Айтугановнаның ұйымдастыруымен “Отбасы күніне” орай өткізілген қалалық “Ене мен келін” сайысына мектеп -лицейіміздің әлеуметтік педагогы Аманжолова Гүлназ енесімен қатысып, жүлделі ІІІ орын иеленді.

Қалалық жас туристер стансасының каникул күндеріне арналған жоспарына сәйкес жас өлкетанушылар Мәртөк ауданының орталығы Мәртөк ауылына саяхаттап қайтты. Аудандық өлкетану музейін тамашалап, Балалар шығармашылық орталығындағы балалардың қолөнер бұйымдарын қызықтады. Мәртөктің Қазан ауылындағы пантымен емдеу орталығы “Зәру” шипажайында болып, Ақтолағай орманында серуендеп, таза ауада сергіп қайтты.

2024 жылдың 5-6 қараша күні оқушыларға діни экстремизм туралы білім беру, теріс ағым туралы, ұғымдарын анықтап, діни сауаттылықты қалыптастыру мақсатында “Оқушылардың діни көзқарастарын анықтау” бойынша сауалнама 9-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді.

2024 жылдың 11 қараша күні мектеп-лицей психологтары 8 сыныптарға қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау жағдайларының алдын алу мақсатында “Өмір қауіпсіздігі” сағатын өткізді. Буллинг, кибербуллинг, лудомания туралы ақпараттар айтылды. Видеороликтер көрсетіліп, тренинг өткізілді.

2024 жылдың 14 қараша күні Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп - лицейінің “Мейірім” еріктілер клубының мүшелері су тасқынынан зардап шеккен, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыны азық - түлікпен қамтамасыз етті.

2024 жылғы 18 қараша күні «Қыз тәрбиесі - қоғам тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті. Аталмыш шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Габбасова ашып, сөз сөйледі. Өз сөзінде қыз балаға берілетін тәрбиенің маңызы, қоғамда қыз бала тәрбиесінде жіберіліп жатқан олқы тұстарды тілге тиек ете отырып, қыздардың тән мен ар тазалығы туралы түсіндіріп, бесігінде жақсы тәрбие алған қыз бала

ертеңгі ана екендігін еске салды. Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру; қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу. Мектеп педагог- психологы А.Өмірзақова мектеп жасындағы қыз балалардың тағдыры жөнінде тағылымды ақпарат беріп, қыздардың сырласы анасы болғандықтан, анасынан ешқандай сыр жасырмау керек екендігін баса айтты. Сонымен қатар қыздардың кешкі уақытта үйден шықпауын, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын тапсырып, кеңестерін берді. Жиналыс соңында “Еркеназ” қыздар ұйымының жетекшісі Бақытбаева К кешкі уақытта қыдырмау, өзін дұрыс ұстау, ерсі қылықтар жасамау керектігін айтып өтті. Қыз баланы тәрбиелеу - ұлтты тәрбиелеу. Қыз балалар арасында жат қылықтардың алдын алу жұмыстарын күшейте отырып, қоғам назарын қыз тәрбиесіне арнауда ақпарат беру мақсатында өткізілген жиналыста еркін пікір алмасу болып, кері байланыс жүргізілді.

2024 жылдың 28 қараша күні «Зорлық-зомбылықсыз -16 күн» жоспарына сәйкес мектеп психологтары “ Өзін-өзі бағалау және сенімділікті қалпына келтіру” тақырыбында 10-11 класс қыздарымен психологиялық тренинг өткізілді.Тренинг барысында мектеп психологы А.Өмірзақова зорлық -зомбылық түрлері туралы дәріс оқыды.С.Жоламанова оқушылармен қызықты тренинг жүргізді.

2024 жылдың 25.11-10.12 аралығындағы «Зорлық -зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы аясында «Атадан ұлағат, анадан ғибрат» тақырыбында отбасы құндылықтарын дәріптейтін шығармаларға 10«А», «Б» класс жетекшілері мен кітапханашылар бірлесіп өткізген іс-шара барысында оқушылар Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіне пікірталас өткізіп, сонымен қатар Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», З.Ахметованың «Шуақты күндер», С.Мыңжасарованың «Әйел бақыты», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармаларын еске түсіріп, «Сұрақ-жауап» әдісі, «Сәйкестендіру», «Learning apps» қосымшасы арқылы талқыланды.

2024жылдың 3 желтоқсан күні “Зорлық-зомбылықсыз 16күн” халықаралық акциясы аясында “Мейірім әлемді құтқарады”атты 5-7сыныптар аралығында сурет байқауы өткізілді.Мақсаты: оқушыларды адамгершілік құндылықтарға, мейірімділікке, қайырымдылыққа және басқа адамдарға көмектесуге шақыру.Адамдар арасындағы түсіністік, сүйіспеншілік және бір-біріне қамқорлық көрсету сияқты қасиеттерді насихаттап, қоғамда ізгілік пен достықты арттыру, оқушыларды өзара көмек көрсетуге, қоғамда жағымды өзгерістер жасауға ынталандыруға бағытталды.

2024 жылдың 2 желтоқсан күні "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" жоспарына сәйкес 6-7 класс ер балалар арасында “Ер адамның отбасындағы ұл,жұбай және әке ретіндегі рөлі” тақырыбында "Азамат" ағалар клубының жетекшілері Жұмағанбетов Д мен Жұмаев А ұйымдастыруымен сыныптан тыс і -шара өткізілді.Мақсаты: ер балаларға әкенің отбасындағы рөлінің маңыздылығын түсіндіру.Іс-шарада бейнеролик көрсетіліп, бейнероликтен алған әсерлерін ер балалар ортаға салып, өз пікірлерін білдірді.Тренингте бірлесе,ұжымдасып ойын ұйымдастырылды.

2024 жылдың 3 желтоқсан күні «Зорлық-зомбылықсыз -16 күн» жоспарына сәйкес мектеп психологтары жасөспірімдердің салауатты өмір салтына, отбасының амандығы мен бақытына деген құнды қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында “Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік және ЖЖБИ алдын алу” тақырыбында отырыс өткізді.

2024 жылдың 5желтоқсан күні "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" жоспарына сәйкес 6-7 класс қыз балаларына "Қыз тәрбиесі -ұлт байлығы" тақырыбында қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесін, қазіргі заманғы қоғамдағы қыз тәрбиесінің маңыздылығын және ұрпақтар сабақтастығын маңыздылығын талқылау мақсатында "Раушан"қыздар клубының жетекшісі М.Бегимова " Асыл-ай" жеңгелер клубының жетекшісі М. Ерғазиева ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шарада қазіргі қоғамдағы қыз тәрбиесінің маңыздылығы талқыланып,оқушы қыздар салт-дәстүрлерге байланысты сұрақтарға жауап беріп,мектеп психологтарымен бірлескен ойын-тренинг ойнатылды. 6.12.2024 күні мектеп-лицейімізде жас ұрпақты спортқа тәрбиелей отырып, мейірімділікке, жанашырлыққа бағыттау мақсатында “ Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” халықаралық акциясы аясында 5- кластар арасында “Спорт-адам құқықтары үшін” флешмобы ұйымдастырылды.

2024жылдың 6 желтоқсан күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасының"Шабьт" жобасы жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі карсаңында 6-7 кластар арасында өткізілген мектепшілік "Елім менің аңсаған..."атты патриоттық хор байқауының нәтижесінде. Бас жүлде 7 "Д" класс. І орын 7 "И" класс.ІІ орын 6 "Д" класс, 6 "Б" класс ІІІ орын 6 "В" класс пен 7 "Б" класс иеленіп, 6"А" кл, 6"Ә" кл, 7"А"кл, 7"Ә"кл, 7"В" кластары МАҚТАУ қағазымен марапатталды.

«Зорлық зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы аясында бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру,отбасы арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру,сапалы білім,саналы тәрбие ,салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Бақытты отбасы құрудың

құпиясы» атты кездесу өтті. Кеш қонақтары мектеп-лицейіміздегі бақытты, өнерлі, үлгілі отбасыларымыздың бірі Нұржановтар әулеті кездесу барысында қонақтар отбасының бақыты, бірлігі туралы әңгімелесіп, пікір алмасты. Оқушылар қонақтарымызға көкейтесті сұрақтарын қойып, қонақтармен ой бөлісті.

2024 жылы 10 желтоқсан күні 3 «Ә», 3 «Г» класс оқушылары "Мен оқыған кітапты сен де оқы!" әдеби-эстафетасы негізінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы, "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" және "Балалар кітапханасы" жобасын қолдау мақсатында қызықты ертегі кітап оқуға шақырды. 2024 жылдың 10 желтоқсан күні "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" халықаралық акциясы аясында «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту мақсатында 8-9 класс арасында "Мейірімді әлем!" атты қойылым байқауы өткізіліп, нәтижесінде I орын 9"Б" класы, II орын 9"А" класы, 9"Ә" класы III орын, 9"Д" класы, 8"И" класы, 8"А" класы, 8"Б" класы иеленіп, 8"Ә" кл., 8"Д" кл., 9"В" кл. мақтау қағаздарымен марапатталды.

2024 жылдың 11 желтоқсан күні "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн!" халықаралық акциясы аясында "Мейірім" еріктілер клубы «Мейірімділік өзімнен басталады» ұранымен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығына барып қайтты.

09.12.24ж. "Fales" дебат үйірмесі мүшелері арасында оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру, адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру мақсатында "Адам құқығы-бала құқығы" тақырыбында пікірсайыс болып өтті. Пікірсайысқа "Ақиқат" жақтаушы және "Әділет" даптаушы топтары қатысты. Топ мүшелері адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталатынын, ал оның кепілі - заңдылық екенін айтып өтті.

11.12 күні «РЕНЕССАНС» Психосоматикалық медицина және оңалту орталығынан тәжірибелі, жоғары кәсіби маман дәрігерлер келіп мектебіміздің ер балалармен кездесу өткізді. «РЕНЕССАНС» клиникасы медицина жүйесіндегі көшбасшы әрі тәуелділікті емдеу саласындағы Халықаралық Ассоциация «РЕНЕССАНС» желісінде емдік шараларымен өз қызметін көрсетіп отырған үлкен орталық. Орталықтан келген дәрігерлер балаларға бүгінгі қоғамдық кеселге айналып отырған өте қызықты қажетті мағлұматтар: темекі, арақ есірткінің тигізетін зардаптары мен адам өміріне қауіптілігі туралы айтылды. Мақсаты-оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

11.12 күні «Өрт қауіпсіздігі» апталығында оқушыларға өрт тілсіз жау, өрттен сақтану жолдарын үйрету. Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы ақпараттармен таныстырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, өз өмірлері үшін жауапты екенін ұғындыру мақсатында 4 «Ә» класс оқушылары «Менің қауіпсіз демалысым» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

2024 жылдың 13 желтоқсан күні Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің "Мейірім" еріктілер клубы "Жақсылық эстафетасы" волонтер күніне орай Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі карсаңында "Өз еліңнің патриоты бол!" тақырыбында челлендж ұйымдастырып, қазақ халқының киелі аспабы домбыраны күмбірлетіп, сұрақтарға жауап беріп, өлең жолдарын айтқан тұрғындарға тәтті сыйлық табыстады.

2024 жылдың 18 желтоқсан күні қала прокуратурасының білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандардың арасында суицид пен қылмыстың алдын алу бойынша жұмыс жоспарына сәйкес Ақтөбе қаласы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық құдалау бөлімінің аға прокуроры Какимов Жүніс Жеңісұлының қатысуымен ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 8-11 класс оқушыларының ата-аналары, мектеп әкімшілігі, класс жетекшілер, мектеп психологтары қатысты. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылық мәселелері, нашақорлық туралы бейнеролик көрсетіліп, суицидтің алдын алу бойынша ақпараттармен қоса нақты статистикалық мәліметтер айтылды. Мектеп -лицей директорының м.а.Ш.Аймағамбетова мектептің ішкі тәртіп ережелері, мектеп-лицей бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізіліп жатырған іс-шараларға тоқталып, ата-аналар кезекшілігі мен рейд жұмыстарының жүйелі жұмыс жасауы оң нәтиже беріп отырғанын атап айтты. Сонымен қатар мектеп психологтары М.Мулдагазина, С.Жоламанова "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың баланың психо-эмоционалды дамуына әсері" тақырыбындағы баяндамасында зорлық-зомбылықтың түрлері, оның құрбандарына тоқталып, ата-аналарға кеңестері мен ұсыныстарын айтты. Жиналыс соңында ата-аналар бала тәрбиесіне бей-жай қарамай, білім алушыларға оң бағыт беріп, тәрбиесіне үлес қосып отырған мектеп ұжымына ризашылықтарын білдірді.

2024 жылы 20 желтоқсан күні «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың ағылшын тіліне деген сүйіспеншілігін дамыту, оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, әдебиетті тереңірек

зерттеуге құштарлығын ояту мақсатында ағылшын тілі пәні мұғалімдері Көпжан С.С. және Ерғалиева А.Ө. 5 класс оқушыларының қатысуымен Джэк Лондонның "White Fang" шығармасынан үзінді оқып, талқылады. 2025жылдың 31 қаңтар күні мектеп психологтары 11 класс оқушыларына “ҰБТ-ке сеніммен барайық” тақырыбында психологиялық тренингі өткізілді. Тренингтің мақсаты: оқушылардың сенімділігін, мінез – құлық, эмоциялық сфера дағдысын психологиялық тұрғыдан қалыптастыру. Тренинг барысында оқушыларға психологиялық кеңес берілді және сергіту ойындары өткізілді. Оқушылар ойынға белсенді қатысып, жақсы көңіл-күйде аяқтады.

"Асыл-ай жеңгелер" клубының жоспарына сәйкес қыз балаларға отбасы мүшелерінің, соның ішінде жеңге мен қайын сіңілі қарым-қатынасын нығайтып, отбасылық мәдениетті сақтау мақсатында 2025жылдың 24 қаңтар күні "Сырлы жеңге - сұлу қыз" атты дөңгелек үстел өтті. Әдемі отырыс барысында әртүрлі қызықты тақырыптарда пікір алмасып, жақсы кеңестер айтылып, қызықты ойындар ойнап, салт-дәстүрлерге байланысты сұрақтарға жауап беріп, қатысушылардың арасында шынайы достық пен бауырмалдық орнады.

2025 жылдың 28 қаңтар күні “Ұлағат “экелер клубы мен “Азамат “ клубының жетекшілері Исағалиев Ж. мен Жұмағанбетов Д. ұйымдастыруымен отбасының ұйытқысы, негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, ер балаларға әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында “Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды” тақырыбында мектебімізде 5-6 сынып оқушыларының әкелерімен және ер балалармен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында сыр-сұхбат жүргізілді және демектеп психологы Жоламанов С психологиялық тренинг өткізді.

2025 жылдың 8 қаңтар күні мектеп психологтары М.Е.Мулдагазина және С.Р.Жоламанова класс жетекшілерге “Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және буллингке жол бермеу” тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмысын өткізді. Аутодеструктивті мінез-құлыққа тән белгілерге сипаттама жасалды және отырыс барысында буллинг алгоритмі туралы түсіндірілді. Мұғалімдермен қызықты психологиялық тренинг өткізілді.

2025 жылдың 16 қаңтар күні 9 класс оқушыларына кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында мектеп психологтары М.Е.Мулдагазина және С.Р.Жоламанова түсіндірме жұмысын жүргізді. Оқушылар А.Е.Голомштоктың “қызығушылық картасы” парағын толтырды және “миға шабуыл” жаттығуы барысында мамандық таңдауға байланысты сұрақтарға жауап берді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке қарсы көзқарасын қалыптастыру және адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында 8-11класс оқушылары арасында "Буллингтен қорған!" атты тәрбие сағаты өткізілді.

1наурыз-Алғыс айту күніне орай мектеп-лицейіміздің "Мейірім" еріктілер клубы үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыту және әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында "Мың алғыс" челленджі аясында далада жұмыс жасап жүрген қызметшілерге ыссы шай мен бәліш таратты.

“Қыз баланың бой жетуі” тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.А.Әбдіқалықова, №4 қалалық емханасының гинеколог-дәрігері А.Б.Айтмағамбетова, мектеп мейірбикесі Н.М.Бақтыгерей, мектеп психологтары М.Е.Мулдагазина, С.Р.Жоламанова қатысуымен қыз балалармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында жасөспірімдер арасындағы жұқпалы аурулардың алдын алу, ерте жастағы жүктілік пен жеке гигиенаны сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтілді. Қыз балалардың денсаулығы бұл біздің - ұлтымыздың болашағы. Жас ұрпақтың болашағы үшін осындай тақырыптағы іс-шараларды белсенді түрде жиі өткізіп, жастар арасында насихаттауымыз қажет екені айтылды. Дәріс соңында қыз балалар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, қызықты бейнематериалдар көрсетілді. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей ұстаздары қоғамдық көліктегі ақ жаулықты әжелер, ардақты аналар, нәзік жанды аруларды мерекемен құттықтап, сыйлықтарын ұсынып, ән шашу арнап, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

2025 жылдың 12 наурыз күні ата кәсіпті сүюге, еңбекқорлыққа, төзімділікке, ұлттық мәдениетімізді дәріптей отырып, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға, ұлттық тарихи сана-сезімге тәрбиелеу мақсатында 8-9 класс ер балаларына "Тұлпар" клубында "Төрт түліктің төресі-жылқы" тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында дәстүрлі қазақы ортада төрт түліктің төресі деп ерекше қастерленген жылқының қасиеттері, оны баптап -жарату, ат әбзелдері туралы түсіндірілді. “Тұлпар” ат клубына барып, қазақтың байырғы атбегілік мәдениетімен танысты. Шара барысында оқушылар жылқы шаруашылығы, ат әбзелдері, нағыз шабандоздың өнері туралы қызықты мағлұматтар алды. Бұл іс-шараның басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық құндылықтарын насихаттау және өскелең ұрпаққа атқа міну мәдениетін, жылқының адам өміріндегі маңызын ұғындыру.

2025 жылдың 12 наурыз күні жоспарға сәйкес 4 кластардың ұйымдастыруымен “Жеті атаңды білесің бе?” атты

аталардың қатысуымен ұлттық құндылыққа бағытталған тәрбиелік кездесу кеші өткізілді. Тәрбиелік кештің мақсаты: оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу. Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. Әлем халықтарының салт – дәстүрімен салыстырғанда ұлттық салтымызда ерекше атап айтатын, қасиетті дәстүріміздің артықшылығымен танысу. Ұлтымыздың рухани құндылығын паш етіп тұрған ұлттық ерекшелікті дәріптеу. Әр балаға жастайынан әкеден бастап ағайын-туысты, нағашы жұртын, алыс-жақынды таныстыру, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген.

Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған "Наурызнама" онкүндігінің алғашқы мерекесі – Көрісу күні. Амал мерекесіне орай мектеп-лицейімізде 11 кластың ұйымдастыруымен дәстүрге айналған "Амал мерекесі-ынтымақ пен берекенің бастауы" атты мерекелік кеште ауылдың үлкендерінен бата алу мақсатында ақ дастархан жайылды. Шара барысында түлектер ата-әжелерге қызмет етіп, өнерлерін ортаға салды. Ауыл ақсақалдары жастарға бата беріп, алда армандаған оқуларына түсулеріне ниеттерін білдірді. Аталған шараның жастар үшін тәрбиелік маңызы зор болды. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған "Наурызнама" онкүндігінің кезекті шарасы - "Қайырымдылық -жылы жүректен!" акциясы. Мектеп-лицейіміздің "Мейірім" еріктілер клубының қатысушылары қайырымдылық акциясы аясында мұқтаж отбасыға азық- түлікпен көмек көрсетіп, Амал мерекесімен және келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтады.

2025 жылдың 17 наурыз күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын және «Балалар кітапханасы» жобасын үндестіру, оқушылардың назарын поэзия мен әдеби шығармаларға аудару, шығармашылық қызметке ынталандыру, әдеби қызығушылыққа ықпал ету мақсатында «Наурызнама» онкүндігі негізінде 7 д класс оқушыларымен «Автормен диалог» тақырыбында мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, ақын Жұбаева Құндыз Естерекқызымен кездесті.

Наурыз мейрамы- жаңару мен берекенің, мейірім мен қамқорлықтың мерекесі. Осы орайда облыстық "Өзгеге жылу сыйла" атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Аталған акция аясында мұқтаж жанұялар мен қамқорсыз қалған бүлдіршіндер мен жасөспірімдерге арналған қайырымдылық іс-шарасына Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің оқушылары үлес қосты. Мектеп-лицей оқушылары қайырымдылық шарасына кітаптар мен ойыншықтар сыйлап, келе жатқан мерекемен құттықтады.

2025 жылдың 21 наурыз күні Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей алаңында Жаңақоныс елді мекенінің тұрғындарына арналған Астана ауданы әкімдігінің "Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!" атты мерекелік шарасы ұйымдастырылды. Шараға Астана ауданының әкімі Баянбек Талғатұлы Қырықбаев келіп, ауыл тұрғындарына ақ тілегін арнап, наурыз тойына қатысты. Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мерекесіне орай 1-11 кластарға «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: балаларға қазақ халқының ұлы мерекесі- Наурыз мейрамы жөнінде түсінік беру; халқымыздың салт-дәстүрін бойларына дарыту; ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

23 сәуір –Ұлттық кітап күні аясында жас буынды кітап оқуға баулу мақсатында Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейде біршама іс-шаралар ұйымдастырылды.

Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа, артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп кітап оқуды насихаттаған болса, аталған шара аясында ұлы ақын Абайдың шығармашылығы тыс қалмады. Мектеп-лицейдің бүлдіршіндері мектеп кітапханасында ақынның өлеңдерін жатқа оқыса, өнерпаз дарынды оқушылар ақынның 180 жылдығына орай «Абай мұрасы-ұрпаққа аманат» тақырыбында мерекелік кеш өткізді. Мерекелік шара мектеп-лицей директорының құттықтау сөзімен басталып, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» секілді әндерімен жалғасын тапты. Мектеп –лицейдің жас мамандары Әбіш Кекілбаевтың «Жүнді барақ» шығармасынан сахналық қойылым көрсетті. 5-9 сынып оқушылары «Бүгін бірге оқимыз», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» шығармаларын «Шекарасыз кітапхана» айдарында талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Аталған шараның болашақ ұрпақ үшін тәрбиелік маңызы зор болды. «Ұлттық кітап» күні аясында жас ұрпақ бойына рух жасампаздығын ұялататын, мейірім, ізгілік, отансүйгіштік, патриотизм идеяларын таратып, эстетикалық талғамды қалыптастыра отырып, ұлт тәрбиесінің ұстанымына айналдыратын шаралар өз жалғасын тапты. «Абайды оқы, таңырқа...» атты Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармаларын бірыңғай оқу ұйымдастырылды.

Мөңке бидің 350 жылдығына арналған “Мөңке би – елдің ертеңі, рухтың биігі” тақырыбында қалалық оқырман конференциясы өтті. Шараның қадірлі қонақтары – ф.ғ.д., профессор, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Ж.Асан және Мөңке бидің ұрпағы Ө.Алдияр оқушылармен тағылымды сұхбат жүргізіп, данагөй бабамыздың рухани мұрасымен бөлісті. Оқушылар Мөңке бидің өмірі мен нақыл сөздерінен үзінділер айтып, терең ой түйді. “Әсем Саз” күйшілер тобы ұлттық рухты ұлықтап, өз өнерлерін тарту етті. Конференция жоғары деңгейде өтіп, жас

ұрпақ үшін Мәңке бидің өнегесі мен болжау толы тағылымы тереңінен таныстырылды.

2025 жылғы 1 мамыр күні елімізде аталып өтетін Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспары аясында мектеп-лицейімізде «Дос болайық бәріміз» тақырыбында 3 класс оқушыларының қатысуымен флешмоб өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің достығын, бірлігін, татулығын насихаттау. Флешмоб барысында ұлттық киімдер киіліп, Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлттардың мәдени ерекшеліктері мен рухани байлығы паш етілді. Ән, би және түрлі шығармашылық элементтер арқылы бірлік идеясы кеңінен насихатталды. Бұл флешмоб – еліміздің басты байлығы саналатын ынтымақ пен достықтың жарқын көрінісі болды. 2025 жылғы 1 мамыр күні елімізде аталып өтетін Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспары аясында мектеп-лицейімізде бірыңғай «Бірлік сағаттары» өткізілді. 2025 жылғы 1 мамыр күні елімізде аталып өтетін Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспары аясында мектеп-лицейімізде 6 класс оқушыларының қатысуымен «Көп ұлтты, тату елім-Қазақстан!» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. 2025 жылғы 1 мамыр күні елімізде аталып өтетін Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспары аясында мектеп-лицейімізде «Қазақстанның бірлігі-халықтар достығында!» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Аңызға толы — Түркістанға саяхат» 2025 жылғы 30 сәуір мен 4 мамыр аралығында Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің 5–10-сынып аралығындағы 80 оқушыға арналған Шымкент және Түркістан қалаларына танымдық-экскурсиялық сапар ұйымдастырылды. Бұл шара Біртұтас тәрбие бағдарламасының рухани-адамгершілік, патриоттық және ұлттық тәрбие бағыттарын іске асыру мақсатында өткізілді. Экскурсия барысында оқушылар еліміздің тарихи тамырынан сыр шертетін киелі орындарды аралап, ғасырлар қойнауынан жеткен ата-баба мұрасының куәсі болды. Рухани байлық пен ұлттық сананы ұштастырған бұл саяхат оқушылардың жүрегінде ұмытылмас әсер қалдырды. Сапар бағыты бойынша таныстырылған нысандар: Ғайып-ерен Қырық шілтен, Қазығұрт (Кеме қалған тауы) Шымкент қалалық зообағы, Домалақ ана кесенесі, Ақмешіт үңгірі, Арыстан-Баб кесенесі, Ежелгі Отырар қалашығы, Гауһар ана кесенесі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, «Керуен-Сарай» туристік кешені, Укаша ата құдығы. Оқушылар тарихи тұлғалардың өмір жолымен танысып, олардың ел тарихындағы рөлін зерделеу арқылы елін сүйетін, ұлт рухын қадірлейтін азамат болуға тағы бір қадам жасады. Әрбір кесене мен тарихи орын — жас ұрпақтың жүрегіне рухани тереңдік пен ұлттық мақтаныш ұялатты.

2025 жылдың 15 мамыр күні мектеп-лицейімізде Халықаралық Отбасы күніне орай «Отбасы – Отанымыздың алтын дінгегі» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеп, ата-ана мен мектеп арасындағы тығыз байланысты одан әрі нығайту болды. Мерекелік кеш барысында оқушылар мен ұстаздар көрермендерге әсерлі концерттік бағдарлама ұсынды. Сонымен қатар, мектеп өміріне белсенді араласып, тәрбиелік іс-шараларға үнемі қолдау көрсетіп жүрген ата-аналарға арнайы алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Бұл күн – әр отбасының қоғамдағы маңызды орны мен рөлін айқындайтын ерекше мереке болды.

12.4 білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Мектеп-лицейіміздің 8-11класс оқушылары "Таза болса табиғат- аман болар Адамзат" және "Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ" деген ұранымен "Таза бейсенбілік" ұйымдастыруға атсалысты. 2024 жылдың 27 қыркүйек күні "Отбасы-бала тәрбиесінің басты ұясы" атты облыстық аналар кеңесінің кеңейтілген отырысына "Ұлағат" әкелер клубының жетекшісі Ж. Исағалиев және "Тұмар" аналар клубының жетекшісі А.Құлдықова қатысты. 2024 жылдың 1 қазанында Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп лицейінің жоғары сынып оқушылары арасында мекемеіміздің теолог маманы А. Абдрашев және М. Орынбаймен кездесу өтті. Бұл кездесуде білім алушыларға теология және рухани тәрбие тақырыптарында түсінік берілді. Теолог «Деструктивті діни ағымдардан» қалай сақтану керектігін және «Діни экстремизм және терроризм» тақырыптарында терең мағлұмат беріп, білім алушылардың сұрақтарына жауап берді.

1-қазан Халықаралық қарттар күніне орай 2024 жылдың 1 қазан күні Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен «Қарттарын қадірлеген ел ардақты!» атты мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік шарада мектеп-лицей директорының м.а. Ш. Аймағамбетова қарияларды мерекелерімен құттықтап, саналы ғұмырының сәулелі сәттерін ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаздарымызды Қазақстан Республикасының оқу –ағарту министрлігінің АЛҒЫС ХАТЫМЕН марапаттады. Мерекелік концертте өнерлі оқушыларымыз

қарттарға өздерінің өнерлерін көрсетіп, ата-әжелерінің шапағатына бөленді. Ардагер ұстаздар білім ордасына ізгі тілектерін айтып, ақ баталарын берді. Мектепшілік 1-5 класс оқушылары арасында көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша “Күз кереметі” тақырыбында көрме өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сәйкес мектебімізде 10-11.10.2024 ж. "КҮЗГІ АСАР жәрмеңкесі" өткізілді. Мақсаты: білім алушыларды ауызбіршілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

